

**«Жаңа жыл кешінде Аяз Атаның бастан кешкендері»
республикалық интернет-байқауын
қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында **«Жаңа жыл кешінде Аяз Атаның бастан кешкендері»** тақырыбында республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – қатысушыларды шығармашылық сарынға тарту, бейнелеу өнері саласындағы дарынды балаларды анықтау және қолдау.

Міндеттері:

- қатысушылардың әдеби, көркемдік шығармашылықтарын қолдау;
- қатысушылардың көркемдік-эстетикалық талғамын және бейнелі ойлау қабілетін дамыту;
- жарысқа жіберілген ең үздік жұмыстардан Интернет-галерея жасау.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2015 жылғы 10 қараша мен 2016 жылғы 15 қаңтар аралығында** балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтта қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары **2016 жылғы 10 қаңтарға** дейін **konkurs.ayazata@mail.ru** электрондық поштаға қабылданады. Анықтама телефоны: 8 (7172) 249 303, көркем-эстетикалық бағыттағы бөлім әдіскері Нурмухаметова Дина Казезқызы.

7. **2016 жылғы 10 қаңтардан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқауға түскен материалдар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

9. **Байқауға қатысу үшін 1500 (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төленеді.**

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

(Резидент)

БИН 990140004733
ИИККZ918560000005068448
БИК КСJBKZKX
КНП 859
Кбе 16

Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

Төлемақы аталуы: «Жаңа жыл кешінде Аяз Атаның бастан кешкендері» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасын) сканерден өткізіп, **konkurs.ayazata@mail.ru** электронды поштасына жіберу қажет.

10. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2016 жылғы 14 қаңтарда www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

11. Байқауға білім беру ұйымдарының 4-18 жас аралығындағы білім алушылары келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

- 1) кіші жас санаты: 4-6 жас;
- 2) кіші жас санаты: 7-9 жас;
- 3) орта жас санаты: 10-12 жас;
- 4) орта жас санаты: 13-15 жас;
- 5) жоғарғы жас санаты: 16-18 жас.

12. Басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда: қатыгездік және зорлық-зомбылық сахналарының көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кемсітетін кез келген ақпарат болмауы қажет.

13. Байқауға келесі талаптарға сай келетін жұмыстар қабылданады.

Байқауға қолдан салынған, 5-12 суреттерден тұратын, бір бетке ресімделген комикстер (белгілі бір оқиғаны мазмұндайтын мәтінді сериясы) қабылданады.

14. *Байқау жұмысының титул парағын толтыру реті.*

Байқау жұмысының титулдық парағында:

- облыс, аудан (қала) немесе ауыл;
- білім беру ұйымының аталуы;
- байқаудың аталуы;
- автордың аты-жөні;
- оқу орны, сыныбы;
- жетекшісінің аты-жөні;
- байқау жұмысының жасаған уақыты көрсетіледі.

15. Байқауға бір адамнан екі жұмыстан артық сурет қабылданбайды.

16. Байқау соңында жеңімпаздардың ең үздік жұмыстары **www.ziyatker.org** сайтында жарияланады.

17. Байқауды бағалау өлшемдері:

- байқау тақырыбына, мақсатына және талаптарына сәйкес болуы;
- байқаудың тақырыбын ашу;
- жаңажылдық көрініс енгізу;
- сюжет әзілі, креативтілігі, сонылығы;
- жұмысты ресімдеу, түс гаммасының бейнелігі және бірқалыптылығы;
- стилі (комикстің ресімделуі, қойылымдардың байланысы, қажетті енгізулер және суреттердің қағаз бетіндегі үйлесімділігі).

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

18. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

19. Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары жүктеп алу мүмкіндігімен <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> сайтта орналастырылады.